



Independent
Project
Accountability
Mechanism

Реттеуге ықпал ету процесінің аяқталуы туралы есеп

KAZREF II – «Шоқпар» ЖЭС

ЕҚДБ жобасының нөмірі: 52946

2024/05 іс

Маусым 2026 ж.

КӨПШІЛІККЕ ТАРАТУ ШІН

Реттеуге ықпал ету процесінің аяқталуы туралы есеп – 2024/05 іс

Жобалар бойынша тәуелсіз есептілік органы (IPAM) Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) есеп беру механизмі болып табылады. IPAM Банк қаржыландыратын жобаларға байланысты жеке тұлғалар немесе ұйымдар көтерген және олардың пікірінше, зиян келтірген немесе келтіруі мүмкін мәселелерді тәуелсіз түрде қарастырады. Механизмнің мақсаты — жобаға мүдделі тараптар арасындағы әлеуметтік, экологиялық және ақпаратты ашу мәселелерін реттеуге ықпал ету; Банктің өзінің экологиялық және әлеуметтік саясатын, сондай-ақ нақты жобаға қолданылатын ақпаратқа қол жеткізу саясаты ережелерінің сақталуын анықтау; және, қажет болған жағдайда, Банктің болашақта бұл саясаттарды қайта бұзуының алдын ала отырып, орын алған оларды сақтамау жағдайларын жою.

IPAM туралы қосымша ақпаратты бізбен байланыс немесе www.ebrd.com/project-finance/ipam.html бетіне кіру арқылы алуға болады.

<p>Байланыс ақпараты Жобалар бойынша тәуелсіз есептілік органы (IPAM) Еуропалық қайта құру және даму банкі Five Bank Street Лондон E14 4BG Телефон: +44 (0)20 7338 6000 Электрондық пошта: ipam@ebrd.com</p>	<p>IPAM-ге қалай шағым беруге болады ЕҚДБ жобасы бойынша қызметтің экологиялық және әлеуметтік аспектілеріне байланысты өтініштерді электрондық пошта арқылы, пошта немесе келесі мекенжай бойынша онлайн-нысанда жіберуге болады: https://www.ebrd.com/home/what-we-do/projects/independent-project-accountability-mechanism/submit-a-complaint.html</p>
--	---

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫС СӨЗ	4
ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ	5
ҚЫСҚАША ТҮЙІН	6
1. НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТ	8
1.1. Өтініш	8
1.2. Жоба	8
1.3. Осы кезде қаралу барысы.....	10
2. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ОДАН ӘРІ ҚАДАМДАР	11

Осы есепте бас әріппен жазылған терминдер, егер өзгеше көрсетілмесе, 2019 жылғы Жобалардың есептілігі саясатында белгіленген мағыналарға ие болады.

Алғыс сөз

Жобалар бойынша тәуелсіз есептік органы (IPAM) Өтініш берушілерге, Клиентке және Банк басшылығына ынтымақтастық пен реттеуге ықпал ету процесі шеңберінде атқарылған жұмыстар үшін алғыс білдіреді.

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

Қысқарту	Толық атауы
АИИБ	Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі
Кеңес	Еуропалық қайта құру және даму банкінің Директорлар кеңесі
Іс	Жобалардың есептілігі саясатына сәйкес Өтінішті тіркегеннен кейін оны қарастыру
Талаптардың сақталуын тексеру	ЕҚДБ Экологиялық және әлеуметтік саясатын немесе нақты Жобаға қолданылатын Ақпаратқа қол жеткізу саясаты ережелерінің сақталуын анықтайтын IPAM функциясы
ЭЭС	Жоба бекітілген кезде қолданыста болған ЕҚДБ-нің Экологиялық және әлеуметтік саясаты
ЭЭКТ	Экологиялық және әлеуметтік кешенді тексеріс
IPAM	2019 жылғы Жобалардың есептілігі саясатына сәйкес құрылған ЕҚДБ жобалары бойынша тәуелсіз есептілік органы
ЖЕС	2019 жылғы Жобалардың есептілік саясаты
ЖТМ	Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі жобаларына қатысы бар тұлғаларға арналған механизм
IAT	Іске асыру талаптары
ЖТ	Жобаның түйіні
Тараптар	Істе тікелей мүддесі бар жеке тұлғалар, заңды тұлғалар және/немесе ұйымдар. Тараптарға мыналар жатуы мүмкін (бірақ олармен шектелмейді): Өтініш берушілер; бар болған жағдайда, олардың Өкілдері; Банктің тиісті департаменті, командасы немесе құрылымдық бөлімшесі; Клиент; сондай-ақ Жобаны қаржыландыратын басқа ұйымдар немесе Жобаның іске асырылуына жауапты өзге де құрылымдар.
Мәселелерді шешу	Өтініште берілген экологиялық, әлеуметтік және ақпаратты ашу мәселелерін кінәні немесе жауапкершілікті анықтамастан, реттеу мақсатында Өтініш берушілер мен Клиенттер арасындағы дауларды ерікті түрде шешу процесін қолдауды көздейтін IPAM функциясы
Президент	ЕҚДБ Президенті
Өтініш	Осы Саясатқа сәйкес Өтініш беруші немесе оның өкілі IPAM-ға берген Өтініш

Қысқаша түйіні

Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) Жобалар бойынша тәуелсіз есептілік органы (IPAM) [II KAZREF- «Шоқпар» ЖЭС \(ЕҚДБ жобасының нөмірі: 52946\)](#) жобасы бойынша [2024/05 іс](#) шеңберіндегі реттеуге ықпал ету процесін ресми түрде жабады. Іс Қазақстанның «Биоәртүрлілікті зерттеу және сақтау орталығы» қоғамдық қорының «Шоқпар» ЖЭС-тің биоәртүрлілікке болуы ықтимал әсеріне қатысты берген өтінішіне байланысты қозғалған болатын. Өтініш берушілер жойылып кету қаупі төнген құс түрлерінің жел турбиналарына соқтығысу қаупіне, құстар жақындаған кезде турбиналардың тоқтауына әсер ете алатын құстарды анықтау технологиясының жоқтығына, сондай-ақ құстардың қырылуын болдырмау шараларының жеткіліксіздігіне алаңдаушылық білдірді. Сонымен қатар, олар Жобаның В санатына негізсіз жатқызылғанын және оның биоәртүрлілікке тигізетін ықтимал әсері тиісті деңгейде бағаланбағанын мәлімдеді.

Жоба Қазақстан Республикасы Жамбыл облысының Сарысу ауданында қуаттылығы 100 МВт жел электр станциясын әзірлеу, салу және пайдалану үшін «Шоқпар жел электр станциясы» ЖШС-ге 50 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде басым құқығы бар қамтамасыз етілген несие беруді көздейді. Жоба 2023 жылғы 31 мамырда бекітілген. Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі (АИИБ) Жобаның бірлескен несие берушісі болып табылады.

Жобаның қысқаша түйініне сәйкес, Жоба 2019 жылғы Экологиялық және әлеуметтік саясатқа сай В санатына жатқызылған. Жобаның экологиялық және әлеуметтік кешенді тексерісі орнитофаунаға болуы ықтимал әсерді қарастыруды, құстардың соқтығысу қаупін бағалауды, биоәртүрліліктің негізгі зерттеулерін, сондай-ақ биоәртүрлілікке байланысты жоспарланған қосымша шараларды, соның ішінде тіршілік ету орталарын одан әрі зерттеуді, сыни тіршілік ету орталарын бағалауды және биоәртүрлілікті басқару жоспарын қамтыды.

Өтініш алғашқыда 2024 жылғы 13 мамырда Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкінің Жобаларға қатысы бар тұлғаларға арналған механизміне (АИИБ ЖТМ) жіберіліп, кейін 2024 жылғы 29 мамырда IPAM-ға берілді. Беру АИИБ мен ЕҚДБ арасындағы бірлесіп қаржыландыру туралы уағдаластықтарға сәйкес жүзеге асырылды, осыған орай Жобаға АИИБ-нің Экологиялық және әлеуметтік саясатының орнына ЕҚДБ-нің Экологиялық және әлеуметтік саясаты қолданылады. Нәтижесінде бірлесіп қаржыландырылатын Жоба аясында ЕҚДБ-нің Экологиялық және әлеуметтік саясатының сақталуына қатысты мәселелерді бағалау және қарастыру IPAM-ның құзыретіне жатады.

2024 жылғы шілдеде Өтінішті алғаннан кейін IPAM Банк басшылығы мен Клиенттің Өтініш берушілермен тікелей өзара іс-қимыл жасауына мүмкіндік беру үшін оны тіркеуді уақытша тоқтата тұрды. Көтерілген мәселелер аталған кезең ішінде реттелмегендіктен, IPAM Өтінішті 2024 жылғы 22 қазанда тіркеді. Бағалау кезеңінде Тараптар реттеу процесі шеңберінде IPAM-ның ықпал етуімен өзара іс-қимылды жалғастыруға дайын екендіктерін білдірді, сөйтіп 2025 жылғы ақпанда Іс реттеуге ықпал ету процесіне берілді. Бұл процесс Өтініш берушілер, Клиент және Банк басшылығы арасындағы диалог пен ақпарат алмасу арқылы Өтініш берушілер көтерген мәселелерді шешу мүмкіндіктерін қарастыруға бағытталды.

Реттеуге ықпал ету процесі шеңберінде Тараптар көтерілген мәселелер бойынша бұдан әрі өзара іс-қимылды қолдауға бағытталған екі негізгі нәтижені айқындады. Клиент құстардың қырылуына тәуелсіз бағалау жүргізуге, сондай-ақ миграция мониторингі бойынша жалпы зерттеулер жүргізуге міндеттенді. Алғашқы зерттеу 2025 жылдың көктемінде жүргізілді, одан кейін 2025 жылдың күзінде қырылу деңгейі бойынша екінші зерттеу және миграцияның жалпы мониторингі туралы есеп дайындалды. Бұл зерттеулер Өтініште көтерілген мәселелерге жауап ретінде жүргізіліп, реттеуге ықпал ету процесінің өзекті бөлігіне айналды. Дегенмен, Тараптар арасында мониторинг нәтижелерін ашу және түсіндіру бойынша келіспеушіліктер туындады. Клиент есептердің толық

Реттеуге ықпал ету процесінің аяқталуы туралы есеп – 2024/05 іс

нұсқаларын құпия деп санап, Өтініш берушілерге қорытындылардың қысқаша түйінін ғана ұсынуға дайын екенін білдірді. Өтініш берушілер есептердің толық нұсқасын алмағандарына қанағаттанбаушылық танытты, сондай-ақ ұсынылған қорытындыларға күмән келтіріп, олардың өздері жүргізген мониторинг барысында алынған мәліметтермен сәйкес келмейтінін атап өтті.

IPAM-ның Тараптармен өзара іс-қимылы, соның ішінде 2026 жылғы ақпандағы миссиясы және Клиентпен және Өтініш берушілермен өткізілген жеке кездесулері, сындарлы реттеуге ықпал ету процесі үшін қажетті шарттардың бұдан әрі жоқ екенін растады. Бастапқыда Тараптар көтерілген мәселелерді шешу мақсатында өзара әрекет еткенімен, сенімге қатысты сақталып отырған проблемалар, мониторинг ақпаратының сенімділігі мен маңыздылығына қатысты әртүрлі көзқарастар, сондай-ақ ақпаратты ашу төңірегіндегі келіспеушіліктер реттеуге ықпал ету шеңберінде өзара тиімді шешімге қол жеткізу мүмкіндіктерін шектеді.

2026 жылғы сәуірде Өтініш берушілер 2019 жылғы Жобалардың есептілігі саясатының 2.4(с) тармағына сәйкес реттеуге ықпал ету процесін тоқтату туралы өз шешімдерін растады және Істі IPAM-ның Нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімшесіне беруді сұрады. Осыған байланысты IPAM реттеуге ықпал ету процесі жабылуы тиіс деген қорытындыға келеді. Осы процестің аяқталуы туралы есеп жарияланғаннан кейін Іс талаптардың сақталуын бағалауға беріледі, оның шеңберінде IPAM Өтініштің Жобалардың есептілігі саясатының 2.6-тармағына сәйкес Талаптардың сақталуын тексеруді бастау критерийлеріне сай келетінін анықтайды.

Осы Есеп Тараптарға жіберіледі және Кеңес пен Президентке мәлімет үшін ұсынылғаннан кейін, [2024/05 іс](#) бойынша виртуалды досьеде ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

1. Негізгі мәліметтер

1.1. Өтініш¹

2024 жылғы 29 мамырда Жобалар бойынша тәуелсіз есептілік органы (IPAM) Қазақстанның «Биоәртүрлілікті зерттеу және сақтау орталығы» қоғамдық қорынан [Өтініш](#) алды. Өтініш берушілер ЕҚДБ қаржыландыратын [II KAZREF– «Шоқпар» ЖЭС \(52946\)](#) жобасы шеңберінде жойылып кету қаупі төнген құс түрлерінің жел турбиналарына соқтығысу қаупіне алаңдаушылық білдірді. Сонымен қатар, Өтініште Жобаның В санатына негізсіз жатқызылғаны және оның биоәртүрлілікке тигізетін ықтимал әсері тиісті деңгейде бағаланбағаны мәлімделген.

Өтініш берушілер IPAM-ға 2023 жылғы тамызда ЕҚДБ Клиентімен Жобаның санатын белгілеу мәселесі бойынша талқылауларды бастағандарын және құстарды жел турбиналарынан қорғау үшін олардың әсерін азайту жөніндегі ықтимал шараларды ұсынғандарын хабарлады. Клиентпен талқылау барысында Өтініш берушілер «Шоқпар» ЖЭС жобалық шешімдеріне қатысты алаңдаушылық білдіріп, Жобада құстар жақындаған кезде жел турбиналарының жұмысын автоматты түрде тоқтата алатын құстарды анықтау жүйелерінің жоқтығын атап өтті. Олар құстардың турбиналармен соқтығысуын болдырмайтын инновациялық технологияны енгізудің маңыздылығын атап айтты, бұл олардың пікірінше, жел энергетикасы жобаларында қоршаған ортаны қорғаудың өте маңызды элементі болып табылады. Сонымен қатар, Өтініш берушілер Клиент әсерді азайту шаралары бойынша олардың ешбір ұсынысын қабылдамағанын, сондай-ақ өздері ұзақ уақыт бойы Жоба аумағына мониторинг жүргізіп, жел турбиналарының маңынан қырылған құстарды тапқандарын мәлімдейді. Өтініштің қысқаша мазмұны төмендегі кестеде берілген және ол жалпы алғанда мынадай мәселелерге қатысты:

Көтерілген мәселелер	Өтініштер	Іске асыруға қойылатын талаптар
Биоәртүрлілікке әсер	<ul style="list-style-type: none"> Жобалық шешімдерде құстардың соқтығысуын болдырмау үшін турбиналарды автоматты түрде тоқтата алатын құстарды анықтау жүйесі көзделмеген Тиісті шаралардың жеткіліксіздігі жел турбиналарының маңында құстардың қырылуына әкеп соқтырды 	TP 1 TP 6
Жобаны санаттау	<ul style="list-style-type: none"> Жоба В санатына негізсіз жатқызылған, бұл биоәртүрлілікке тигізетін әсердің жеткілік бағаланбағанына әкеп соқтырған 	TP 1

1.2. Жоба²

[KAZREF II – «Шоқпар» ЖЭС \(52946\)](#) Қазақстан Республикасы Жамбыл облысының Сарысу ауданында орналасқан, белгіленген қуаттылығы 100 МВт жел электр станциясын әзірлеу, салу және пайдалану үшін «Шоқпар жел электр станциясы» ЖШС-ге берілетін 50 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшердегі басым құқығымен қамтамасыз етілген несиені білдіреді. Ол Жоба акционерлеріне тиесілі жұмыс істеп тұрған «Жанатас» ЖЭС-ке іргелес учаскеде орналасқан және ұзындығы 70 км, кернеуі 220 кВ электр беру желісі арқылы «Опорная» қосалқы станциясына (ЖЭС алаңынан 15 км жерде орналасқан) қосылатын болады. Жоба алаңы 164 гектар аумақты алып жатыр және Қаратау – Жаңатас R-43 автомобиль жолының бойында, Үлкен Ақтау жотасының солтүстік беткейінде орналасатын жиырма екі (22) Envision (EN-156) жел энергетикалық қондырғысын қамтиды. Жоба

¹ Өтініш сайтта [2024/05 істің](#) қысқаша сипаттамасында қолжетімді

² Ақпарат [Жоба түйінінен](#) алынған

Реттеуге ықпал ету процесінің аяқталуы туралы есеп – 2024/05 іс

2019 жылғы Экологиялық және әлеуметтік саясатқа сәйкес В санатына жатқызылған; оның қазіргі мәртебесі — қол қойылды.

Экологиялық және әлеуметтік кешенді тексеріс басқа бірлескен несие беруші болып табылатын Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкімен (АИИБ) бірлесіп жүргізілді.

Жобаның [қысқаша түйініне](#) сәйкес «Шоқпар» ЖЭС алаңы экологиялық және/немесе әлеуметтік тұрғыдан сезімтал аймақтарда орналаспаған, ал Жобадан 30 км радиуста қорғалатын немесе ресми түрде белгіленген табиғи қорықтар жоқ. Осы құжатта Жобаның экологиялық және әлеуметтік кешенді тексерісі халықаралық сарапшы-орнитологтармен кеңесе отырып жүргізілген құстардың соқтығысу қаупін бағалау негізінде орнитофаунаға болуы ықтимал әсерді және оны азайту шараларының қажеттілігін егжей-тегжейлі қарастыруды қамтығаны көрсетілген. Биоәртүрліліктің негізгі зерттеулері ЖЭС үшін бөлінген аумағы 1500 га алаңда, сондай-ақ кейбір орнитологиялық объектілер үшін алаңның айналасындағы радиусы 2 км буферлік аймақ шегінде жүргізілді; олар алаңда кездесетін құстардың барлық түрлері, соның ішінде Қызыл кітапқа енген құстардың түрлері туралы ақпаратты қамтыды.

Экологиялық және әлеуметтік кешенді тексеріс қорытындысы бойынша сыни тіршілік ету орталарын бағалауды қоса алғанда, ЭӘСП тиісті жіктемелерді қолдана отырып, «Шоқпар» ЖЭС-нің тіршілік ету орталарын бұдан әрі зерттеу жоспарланды. Сондай-ақ «Шоқпар» ЖЭС объектісінде тиісті түрлерді сақтауға және тіршілік ету орталарының фрагментациясын барынша азайту, биологиялық дәліздер жасау, пайдалану барысында және/немесе ол аяқталғаннан кейін тіршілік ету орталарын қалпына келтіру, сонымен қатар биоәртүрлілік саласындағы өтемақы шараларын іске асыру есебінен зардап шеккен құстардың түрлері үшін таза шығынның болмауын көрсетуге бағытталған әсерді азайтудың, басқарудың және құрылыстан кейінгі мониторингтің барлық хаттамаларын сипаттайтын жобалық биоәртүрлілікті басқару жоспарын әзірлеу көзделді.

1-сурет – Жобаның жалпы орналасуы, Оңтүстік Қазақстан



2-сурет – қуаттылығы МВт «Шоқпар» ЖЭС-тің орналасу схемасы

Сайып келгенде, Жобаның қысқаша түйіні Компанияның жиынтық бағалауға, есептілікке және ESG-ақпаратты ашуға қатысты тәсілін, әсіресе құстар мен жарқанаттарды зерттеу, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықпен өзара іс-қимыл жасау бөлігінде қосымша дамытуы тиіс екендігі атап өтеледі.

1.3. Осы кезеңде қаралу барысы

Бастапқыда Өтініш 2024 жылғы 13 мамырда АИИБ Жобаларға қатысы бар тұлғаларға арналған механизмге (ЖТМ) жіберілді, содан соң 2024 жылғы 29 мамырда ЕҚДБ мен АИИБ арасындағы механизмдерді өзара пайдалану келісіміне сәйкес IPAM-ға берілді³.

2024 жылғы 17 шілдеде IPAM ЕҚДБ басшылығы мен Клиентке Өтініш берушілермен өзара әрекеттесуге және олардың алаңдаушылықтарын реттеуге тырысуға мүмкіндік беру үшін Өтінішті тіркеуді уақытша тоқтата тұрды. Тоқтата тұру кезеңі ішінде IPAM Тараптар арасындағы өзара іс-қимылдың барысын қадағалап отырды және көтерілген мәселелер реттелмегендіктен, Өтінішті тіркеу туралы шешім қабылдады.

IPAM Өтінішті 2024 жылғы 22 қазанда [2024/05 іс](#) ретінде тіркеді, өйткені ол Жобалардың есептілігі саясатының (PAP) 2.2(b) бөлімінде белгіленген Тіркеу критерийлеріне сәйкес келді және Жобалардың есептілігі саясатының (ЖЕС) 2.2(c) бөлімінде көзделген ерекшеліктер негіздерінің ешқайсысы қолданылмады.

2025 жылғы 30 қаңтарда IPAM ұйымдастырған Тараптардың бірлескен виртуалды кездесуінің қорытындысы бойынша Тараптар IPAM алдында көтерілген мәселелерді реттеу бойынша бірлесіп жұмыс істеу үшін өзара әрекеттесуді жалғастыруға мүдделілік танытты. Бағалау кезеңінде Тараптар реттеуге ықпал ету процесіне бағыт-бағдар беруге арналған екі негізгі нәтиже мен бақылау кезеңдерін келісті. 2025 жылғы ақпанда Іс реттеуге ықпал ету функциясына берілді.

Клиент құстардың қырылуына тәуелсіз бағалаулар жүргізу, сондай-ақ миграция мониторингі бойынша жалпы зерттеулер жүргізуге міндеттенді. Осы зерттеулердің алғашқысы 2025 жылғы көктемде жүргізілді. Қырылу деңгейіне қатысты екінші зерттеу және миграцияның жалпы мониторингі туралы есеп 2025 жылғы күзде дайындалды. Миграция мониторингі бойынша есептер реттеуге ықпал ету процесіне байланысты шара ретінде әзірленді.

2026 жылғы қаңтарда Клиент бұл есептерді құпия деп санайтынын, алайда Өтініш берушілерге қорытындылардың қысқаша түйінін ұсынуға дайын екенін IPAM-ға хабарлады.

Өтініш берушілер есептердің толық нұсқасын алмағандарына өкініш білдірді. Олар сондай-ақ өңірдегі өздерінің мониторингтік қызметі барысында алған қарама-қайшы ақпараттарға сілтеме жасай отырып, ұсынылған қорытындыларға күмән келтірді, бұл ақпараттар, олардың айтуынша, өздеріне берілген қысқаша түйінмен сәйкес келмеген. Олардың пікірінше, бұл қысқаша түйіндер жергілікті жердегі шынайы жағдайды көрсетпеген, ал жүргізілген мониторинг процесі сенімді болмаған.

2026 жылғы ақпанда IPAM миссиясын жүргізіп, оның барысында жұмыс тобы Клиентпен және Өтініш берушілермен жеке-жеке кездесті. Клиентпен кездесуде соңғысы өзінің сындарлы диалогқа ашық екендігіне қарамастан, реттеуге ықпал ету процесі шеңберінде ресми түрде ешқандай міндеттеме қабылдамағанын, алайда мәселелерді шешу мақсатында өзара іс-қимыл жасауды жалғастыруға дайын екенін атап өтті.

³ Аталған банкпен бірлесіп қаржыландыру туралы келісімге сәйкес, Жобаға АИИБ-нің Экологиялық және әлеуметтік саясатының орнына ЕҚДБ-нің Экологиялық және әлеуметтік саясаты (ЭЭС) қолданылады. Осыған байланысты, екі мекеме бірлесіп қаржыландыратын Жобаға қатысты ЕҚДБ-нің Экологиялық және әлеуметтік саясаты шеңберіндегі мәселелер көтерілетін Өтініштер АИИБ-тің Жобаларға қатысы бар тұлғаларға арналған механизмнің (АИИБ ЖТМ) қарауына жатпайды, сондай-ақ талдау жасау және бұдан әрі қарау үшін IPAM-ға берілуге тиіс.

Реттеуге ықпал ету процесінің аяқталуы туралы есеп – 2024/05 іс

Өтініш берушілермен кездесуде олар реттеуге ықпал ету процесін тоқтату және Талаптардың сақталуын тексеру кезеңіне ету ниеті туралы хабарлады.

Екіжақты өзара іс-қимылдар Тараптар арасындағы сенімнің жоқтығына және олардың жүргізілген мониторингке қатысты көзқарастарының бір-біріне қарама-қайшы болуына байланысты, реттеуге ықпал ету процесі бұдан әрі келісімге қол жеткізуге ықпал етпейді деген IPAM ұстанымын растады.

2026 жылғы сәуірде Өтініш берушілер [Жобалардың есептілігі саясатының 2.4\(с\)](#) тармағына сәйкес реттеуге ықпал ету процесін тоқтату туралы өз шешімдерін нақтылады және Істі IPAM-ның Талаптардың сақталуын тексеру функциясына беруді сұрады.

2. Қорытынды және бұдан әрі қадамдар

Қатысушы тараптар бастапқыда көтерілген мәселелерді шешу мақсатында реттеуге ықпал ету процесіне кіріскенімен, сенімге қатысты сақталып қалған түйткілдер ақыр соңында өзара тиімді шешімге қол жеткізу мүмкіндігін шектеді. Жобалардың есептілігі саясатына сәйкес және Өтініш берушілердің өтініші бойынша Іс Талаптардың сақталуын тексеру тобына беріледі, ол өз кезегінде Талаптардың сақталуын бағалау кезеңінде Өтініштің Жобалардың есептілігі саясатының 2.6-тармағына сәйкес талаптардың сақталуын тексеруді бастау критерийлеріне сәйкестігін анықтайтын болады.

2019 жылғы Жобалардың есептілігі саясатына сәйкес, осы Есеп ақпарат үшін Кеңеске және Президентке ұсынылғаннан кейін Тараптарға жіберіледі және [2024/05 іс](#) бойынша виртуалды досьеде ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде жарияланады. Есеп жарияланғаннан кейін IPAM реттеуге ықпал ету процесін аяқталды деп есептейді және Істі Талаптардың сақталуын бағалауға өткізеді.